

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мамыр айы 2024 жыл 1 апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 06.05.2024 | Сейсенбі | Сәрсенбі 08.05.2024 | Бейсенбі | Жұма 10.05.2024 |
|---|--|----------|---|----------|--|
| Балаларды қабылдау | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу. | | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді. | | Сиқырлы сөздермен қарсы алу. (көйлегің қандай әдемі т.б) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» | | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық». Танымдық дағдылар | | Сюжеттік рольдік ойын: «Аспазшы» Коммуникативтік дағдылар | | Қимылды ойын: «түрлі-түсті машиналар». Физикалық қасиеттерді дамыту |
| Таңертеңгі жаттығу | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). | | Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. | | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалықкекпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. |

| | | | | |
|---|---|--|---|--|
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: -арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; -бір-бірінің жанына сапқа тұру. -2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; -заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Тегіс жолмен»</p> | | <p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: -аяқтың сыртқы қырымен жүру; -тізені жоғары көтеріп жүргізу; -10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу. Қимылды ойын: «Масаны ұстап ал»</p> | <p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: -заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; -арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; -бір-бірінің жанына сапқа тұру. Қимылды ойын: «Кішкене маймылдар»</p> |
| | <p>-Ал балалар көктемнің қай айы? Мамыр айының 7 жұлдызы күні Отан қорғаушылар күні деп жариялады. Қоршаған ортамен танысу Отан сенің ата-анаң, Отан сенің бауырың. Отан өлкең астанаң, Отан аудан, ауылым. Демекші, біз сүюіміз оны қадірлеп қастерлеуіміз керек, балалар. Көркем әдебиет</p> | | <p>Ел басына күн туғанда Отанын қорғап, елге амансау оралған батырларымыз Б.Момышұлы болған , Әлия Молдағұлова-бұл апамыз снайпер болған Талғат Бегилдин т.б. Қоршаған ортамен танысу Жеңіс келді ән болып Келді ауылға ән болып Жеңіс келді алақай Тоя жейтін ән болып. Көркем әдебиет Жеңіс туы. Суретті бояту. Сурет салу Уақытты бағдарлау. Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру Математика негіздері</p> | <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Көркем әдебиет Сөйлеуді дамыту Отан қорғаушылар жайлы видеоролик қосу. Қоршаған ортамен танысу.</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p> | | | |

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|
| Серуен | <p>Бақбақ гүлін бақылау: Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару);</p> <p>Еңбек: Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын : «Өз гүліңді тап». Мақсаты: түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: қимыл белсенділіктерін арттыру, ұзындыққа секіруге жаттықтыру.</p> | | <p>Жолжелкенді бақылау: Мақсаты: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру.</p> <p>Еңбек: Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.</p> | | <p>Жәндіктерді бақылау: Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау.</p> <p>Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</p> |
| Серуеннен оралу | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | <p>Әрқашан күн сөнбесін тақырыбында көрме ұйымдастыр. Шығармашылық дағдылар</p> <p>Уақытты бағдарлау. Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Математика негіздері</p> <p>Суретке қарап әңгіме құрату. Сөйлеуді дамыту</p> | | <p>Қағаздан күн бейнесін жасау, оны жабыстыру. Құрастыру, жапсыру</p> <p>Ермексаздан күн жасау, түсін атау. Мүсіндеу</p> | | <p>Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Көркем әдебиет</p> <p>Ойын: «Кім тапқыр» Мақсаты: ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату. Математика негіздері</p> |
| Балалармен жеке жұмыс | Аягөз сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуды баулу. | | Райынаға заттарды пішінін, түсін ескере отырып салуды үйрету. | | Еркенұр бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыруды баулу. |
| Балалардың үйге қайтуы | Дұрыс тамақтану ережелері. | | Балалардың сол қалпында жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу. |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мамыр айы 2024 жыл 2 апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 13.05.2024 | Сейсенбі 14.05.2024 | Сәрсенбі 15.05.2024 | Бейсенбі 16.05.2024 | Жұма 17.05.2024 |
|---|--|--|--|---|---|
| Балаларды қабылдау | Әсем әуенмен қарсы алу. | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. | Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу. | Смайлик арқылы қарсы алу. | Достық тілегімен қарсы алу. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ұялы телефонның зияны жайлы әңгіме» | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Үстел үсті ойыны: «Қуыршақты киіндір» киімдерді жыл мезгіліне сай таңдай білу. Әлеуметтік дағдылар | Құрылыс ойындары: «Менің саябағым» Құрылыс материалдарынан серуендейтін саябағын құрастыра білу. Шығармашылық дағдылар | «Біз шынығамыз» Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне, біздер қандаймыз ! Коммуникативтік дағдылар | Саусақ ойыны: «Жаттығамыз» Қуыр, қуыр, қуырмаш, Балапанға бидай шаш. Қуыр, қуыр, қуырмаш, Әжең келсе есік аш. Қазақ тілі | «Тазалық –денсаулық кепілі» Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай Жақсы көрер бар адам. Көркем әдебиет |
| Таңертенгі жаттығу | Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру. | Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру. | Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру. | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру. | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|--|
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына сапқа тұру. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату.</p> <p>Қимылды ойын: «Тегіс жол»</p> | <p>Музыка Ән айту: Жеке дауыста ән салу дағдылары жетіледі, эстрадалық сүйемелдеуге ілесу іскерліктері дамиды. Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыканың сипатына қарай қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді. Таныс әндерді сахналайды.</p> | <p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: -аяқтың сыртқы қырымен жүру; -тізені жоғары көтеріп жүргізу; -10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу; -көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Масаны ұстап ал»</p> | <p>Музыка Ән айту: Жеке дауыста ән салу дағдылары жетіледі, эстрадалық сүйемелдеуге ілесу іскерліктері дамиды. Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыканың сипатына қарай қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді. Таныс әндерді сахналайды.</p> <p>Қазақ тілі Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> | <p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: -аяқтың сыртқы қырымен жүру; -заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; -арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; -бір-бірінің жанына сапқа тұру.</p> <p>Қимылды ойын: «Кішкене маймылдар»</p> |
| | <p>Төрт түлік және оның төлдері. Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Суретпен жұмыс төрт түлік жайлы суретке қарап әңгіме құрау. Сөйлеуді дамыту</p> <p>Қойдың пірі – Шопан ата. Жылқының пірі – Қамбар ата. Түйенің пірі – Ойсыл қара. Сиырдың пірі – Зеңгі баба. Ешкінің пірі – Сексек ата.</p> | <p>Дүние жүзінде 250-ден астам жылқы тұқымы бар. Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Жылқыны құрастыру, трафаретке жабыстыру. Жапсыру, құрастыру</p> <p>Құлдыр — құлдыр құлыншақ, Тынымсыз бір ұрыншақ Ұршықтай боп бұлтылдап Жұмыр, жоның жылтылдап. Көркем әдебиет</p> | <p>Төрт түлік. Көркем әдебиет</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p> | <p>ТҮЙЕ-төрт түліктің ішінде ең ірісі және ауыр салмақты жануарлардың бірі. Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Тарпаң — тарпаң тайлағым, Ботақаным, маймағым. Қара — көзің мөлдіреп, Жібек жүнің желбіреп Желк — желк етіп желесің Енеңе еріп келесің. Көркем әдебиет</p> | <p>Үй жануарлары және олардың адамға тигізер пайдасымен таныстыру. Қоршаған ортамен танысу, Әлеуметтік дағдылар</p> <p>Әр жануардың беретін пайдасын сызба арқылы көрсету. Пазл құрастыру сан бойынша. Құрастыру әрекеті, танымдық дағдылар математика негіздері</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап,</p> |

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|---|---|---|
| | <p>Көркем әдебиет Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Математика негіздері</p> | | <p>Сөйлеуді дамыту Қойды видео арқылы көрсету, сұрақтар қою. Қоршаған ортамен танысу</p> | <p>Суретке қарап әңгіме құрау. Сөйлеуді дамыту</p> | <p>сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. Сөйлеуді дамыту</p> <p>Таныс бірнеше шығармаларды атауға, мазмұндауға, сахналауға үйрету. Көркем әдебиет</p> |
| Серуенге дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен | <p>Ауа-райын бақылау Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Еңбек: Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</p> <p>Қимылды ойын: «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу.</p> | <p>Гүлзарды бақылау: Мақсаты: Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Еңбек: Гүл егетін алаңда жұмыс. (тазалау, қопсыту). Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау.</p> <p>Қимылды ойын: «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру.</p> | <p>Велосипедті бақылау Мақсаты: велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p>Жаттығу ойыны: Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объектіні бағдарлай білулерін дамыту.</p> | <p>Құмырсқаларды бақылау Мақсаты: құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p>Еңбек: Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</p> <p>Қимылды ойын «Итеріспек». Мақсаты: белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> | <p>Найзағайды бақылау: Мақсаты: «Найзағай» ұғымымен таныстыру.</p> <p>Қимылды ойын: «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.</p> <p>Жаттығу ойыны: «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру.</p> |

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|--|
| Серуеннен оралу | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | <p>Сиырдың ерекшелігі сүтті өте көп береді. Сүтінен тәтті айран, құрт, ірімшік, май жасайды. Жайлауда жайылғанды ұнатады. Сиырдың суретін бояу.</p> <p>Сурет салу</p> <p>Сиырдың суретін жабыстыру.</p> <p>Жапсыру</p> <p>Қиындыларға ермексаз орналастыру.</p> <p>Мүсіндеу</p> | <p>Нүктелі сурет салу, жылқының суретін бастыру.</p> <p>Сурет салу</p> <p>Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Жылқы туралы суретке қарап сөйлем құрау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> | <p>Қойдың бейнесіне мақта жабыстыру.</p> <p>Жапсыру</p> <p>Суретін бояу.</p> <p>Сурет салу</p> <p>Қағаздан қойды жасау.</p> <p>Құрастыру</p> <p>Ермексаздан қойдың мүсінін жасау.</p> <p>Мүсіндеу</p> | <p>Түйені қағаздан жасау, суретін бояу, құрасытыру және мүсіндеу.</p> <p>Шығармашылық дағдылар</p> | <p>Мысықтың суретін жапсырады, мысықтың суретін бояйды.</p> <p>Жапсыру әрекеті, сурет салу</p> <p>Ермексаздан құрт жасау .</p> <p>Мүсіндеу әрекеті</p> <p>Үй жануарларын санап, сандарын ажырату.</p> <p>Математика негіздері</p> |
| Балалармен жеке жұмыс | Достары жайлы сұрау. | Тілдік жаттығу жасату. | Отан, туған жер жайлы әңгімелесу. | Жұмбақ жасыру. | Жаңылтпаш үйрету. |
| Балалардың үйге қайтуы | Күн тәртібін сақтау. | "тұмауды " алдын алу шаралары. | Баланың тәртібі жайлы әңгіме. | Жаз мезгіліне ауа райына қарай киіну жайлы әңгіме | Бүгінгі күннің жетістігі туралы әңгімелесу. |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 2024 жыл 3 апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.05.2024 | Сейсенбі 21.05.2024 | Сәрсенбі 22.05.2024 | Бейсенбі 23.05.2024 | Жұма 24.05.2024 |
|--|---|--|--|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу. | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, денсаулығын тексеріп қарсы алу. | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу. | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу. | Қызыл жүрекшемен қарсы алу. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | «Дұрыс тамақтануға баулу» | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Дидактикалық ойын: «Дыбыс арқылы санды тап». Танымдық дағдылар | Ертегі ойыны: «Қасқыр мен жеті лақ» ертігіні еске түсіру, қайталау. Коммуникативтік дағдылар | Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерді тап» геометриялық пішіндерді тауып, топтастыра білу. Математика негіздері | Дидактикалық ойын: «Жануарлар қалай дыбыстайды» Жануарлардың дыбыстарын сала білу. Коммуникативтік дағдылар | Дидактикалық ойын «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу. Коммуникативтік дағдылар |
| Таңертенгі жаттығу | Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру. | Пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. | «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру. | Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруды үйрету. | Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: -арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; -бір-бірінің жанына сапқа | Музыка Ән айту: Жеке дауыста ән салу дағдылары жетіледі, эстрадалық сүйемелдеуге ілесу іскерліктері дамиды. Музыкалық-ырғақты | Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: -аяқтың сыртқы қырымен жүру; -тізені жоғары көтеріп | Музыка Ән айту: Жеке дауыста ән салу дағдылары жетіледі, эстрадалық сүйемелдеуге ілесу іскерліктері дамиды. | Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: -аяқтың сыртқы қырымен жүру; -заттардың арасымен |

| | | | | | |
|---------------------------------|---|--|--|--|--|
| | <p>тұру. - 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; -заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату.</p> <p>Қимылды ойын: «Тегіс жол»</p> | <p>қимылдар: Музыканың сипатына қарай қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді. Таныс әндерді сахналайды.</p> | <p>жүргізу; -көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Масаны ұстап ал»</p> | <p>Қазақ тілі Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> | <p>құрсауларды бір-біріне домалату; -арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; -бір-бірінің жанына сапқа тұру.</p> <p>Қимылды ойын: «Кішкене маймылдар»</p> |
| | <p>Көктемнің үшінші айы мамыр айы. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ бәйшешек наркес гүлдері туралы ақпарат беру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Балаларды үш гүлге сәйкес топтарға бөлу. Бір орталықта гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Үшінші топ гүлдерді қағаздан жасайды. (кұрастыру, жапсыру)</p> | <p>Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> <p>Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салу, бояу. (сурет салу)</p> | <p>Балаларға бидай, тары, жүгері және гүл ұрықтарын көрсету. Танып атау, оларды қалай санауға болатын сұрау. Таразыны пайдалануды үйрету. (математика негіздері)</p> <p>«Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшымен жасату. (музыка)</p> | <p>Жер ананы қалай құрметтейміз? Ол үшін не істеуге болады? Серуенге шыққанда жасайтын іс әрекеттерімізді жоспарлап суретке салайық деп салғызу. Ал екінші топ күректер шелектерді дайындап, онымен қалай жұмыс жасайтынын ойлап, жасап үйреніп дайыналады. (сөйлеуді дамыту, сурет салу)</p> | <p>Қайырлы таң, балалар! Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар! Жер бетінде тыныштық Болған әрбір күн ыстық! Қайырлы таң, балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң, балалар!</p> <p>Тақпағын жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. (сөйлеуді дамыту)</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|---|
| <p>Серуен</p> | <p>Кемпірқосақты бақылау: Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.</p> | <p>Көбелектерді бақылау. Мақсаты: көбелектер туралы білімдерін молайту.</p> <p>Еңбек: Гүлзардағы қоқыстарды жинау. Мақсаты: еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.</p> <p>Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру.</p> | <p>Бал арасын бақылау. Мақсаты: балаларға өздеріне таныс жәндік бал арасы туралы түсінік беру.</p> <p>Еңбек: Алаңдағы қоқысты жинақтау.</p> <p>Қимылды ойын: Жаттығу ойын: «Дәліме – дәл жүргізу» «Бақташы мен үйір»</p> | <p>Өрт сөндіргіш машинаны бақылау. Мақсаты: жалпы машина құрылымымен оның бөліктерімен толық таныстыра отырып, қызығушылығын арттыру.</p> <p>Еңбек: құм салғыштағы құмды тазалау. Мақсаты: тазалыққа, ұжыммен бірігіп жұмыстануға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Орныңды тап» Мақсаты: балалар айнала дөңгеленіп, екі екіден бірінің артынан бірі тұрады.</p> | <p>Жаңбырды бақылау: Мақсаты: балаларға жазғы жаңбыр туралы түсінік бере отырып, судың қасиеттерімен таныстыру.</p> <p>Еңбек: құмды тазалау.</p> <p>Қимылды ойын: «Қолшатыр» Мақсаты: кеңістікке бағдарлап, жүгіре білуге үйрету.</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау.</p> <p>Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)</p> | <p>«Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)</p> <p>Ертегілер желісі бойынша сюжеттік композиция құру. (мүсіндеу)</p> <p>Құрылыс материалдарымен еркін ойындар. (құрастыру)</p> | <p>Балаларға дөңдерді жапсырып құмыраны сәндеу. (мүсіндеу)</p> <p>Балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен безендіруді үйрету. (сурет салу)</p> <p>«Жалқау қыз» ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)</p> | <p>Гүлдерді адамдар басып кетпес үшін, қоршау жасауды ұйымдастыру (құрастыру)</p> <p>Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату (көркем әдебиет)</p> | <p>«Гүлдер саябағы» Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. (құрастыру)</p> <p>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету қызғалдақ гүлін мүсіндеуін ұйымдастыру. (мүсіндеу)</p> |

| | | | | | |
|-------------------------------|--|---|--|--|---|
| Балалармен жеке жұмыс | Аягөз көлемінде санай алады, сандарды ретімен атауды үйрету. | Райянаға ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету. | Ернарға «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратуды үйрету. | Еркенұрға геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттеуге дағдыландыру. | Раянаға тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін білуді дағдыландыру. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Отбасындағы өзіндік ережелер» | Ата-аналарға :«балалардың өзара қарым-қатынасы» | Балалардың бүгінгі жетістігі (әңгімелесу). | Кеңес: Әр баланың ынтасы туралы айту | «Отбасым –бақыт мекенім » тақырыбына әңгімелесу. |

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мамыр айы 2024 жыл 4 апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 27.05.2024 | Сейсенбі 28.05.2024 | Сәрсенбі 29.05.2024 | Бейсенбі 30.05.2024 | Жұма 31.05.2024 |
|---|---|--|---|---|--|
| Балаларды қабылдау | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Алдар көсенің қонаққа келуімен қарсы алу | Алғыс әнімен қарсы алу |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу». | Баланың көңіл-күйі жайлы әңгіме. | Баланың достарымен қарым-қатынасы жайлы әңгіме |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Сюжетті–ролдік ойын: «Шафер» Әлеуметтік дағдылар | Ертегі тыңдау: «Көліктер» Картон театры арқылы сахыналау. Коммуникативтік дағдылар | Дидактикалық ойын: «Сықырлы сандық». Танымдық дағдылар | Ойын: «Кімнің заттары?» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика. Әлеуметтік дағдылар | Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектесу. Әлеуметтік дағдылар |
| Таңертенгі жаттығу | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. | Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. | Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету. | Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту | Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, кемпірқосақ) кеңейту. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Дене шынықтыру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату. Гигиеналық шараларды орындау: | Музыка Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. | Дене шынықтыру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: | Музыка Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Қазақ тілі Кітаптан ертегілер, | Дене шынықтыру Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін |

| | | | | | |
|--------------------------|--|---|--|---|--|
| | жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану. | | жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану | көркем шығармалар оқып беруде олардың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. | ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. |
| | <p>Аналарымызға арналған моншақ . Еремексаздан домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. (мүсіндеу)</p> <p>Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. (математика негіздері)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Артық пішінді тап» Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер.</p> | <p>Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. (көркем әдебиет, музыка)</p> <p>Ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. (математика негіздері)</p> <p>Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер.</p> | <p>Өлең: «Нешеуміз?» Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек –мен, Кішкене бәбек –сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. <i>І.Шұғаев</i> (көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет және жапсыру жұмыстары.</p> | <p>Балаларға тапсырма қоянның кеңістікте орналасу бағыттарын атау. Сөйлеуді дамыту</p> <p>Суретке мұқият қара, үкінің кеңістікте орналасу бағытын түсіндір. Математика негіздері</p> <p>Оң жақ үстінде қандай сурет тұр? Сол жақта үстінде қандай сурет бар? Сол жақ астында және оң жақ астында қандай сурет тұр? Беттің тура ортасында ше? Қоршаған ортамен танысу, математика негіздері</p> | <p>-Қыздардың қайсысының бойы қысқа? -Ең ұзын қыздың аты кім? Сөйлеуді дамыту</p> <p>Заттардың кеңістікте орналасу реттілігі мен атын атау. Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Алақанды соғайық. Оң жақтағы балаға, Шапалақты соғайық. Сол жақтағы балаға, Шапалақты соғайық. Көркем әдебиет</p> <p>Ұлттық ою-өрнекті қолданып, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. Шығармашылық дағдылар</p> |
| Серуенге дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен | Ауаны бақылау. Мақсаты: Ауаны көру | Мысықты бақылау. Мақсаты: Балаларға үй | Аққайың ағашын бақылау. | Гүлдерді бақылау. Мақсат. Жаз мезгілінің | Құмды бақылау. Мақсаты: Заттың |

| | | | | | |
|---|---|---|--|---|--|
| | <p>тәжірибелерін жасауға үйрету, ауаның адам өміріндегі маңызын түсіндіру.</p> <p>Еңбек: Гүлзардағы өсімдіктерді қопсыту.</p> <p>Қимылды ойын: «Самолеттер» шашырап жүгіру.</p> | <p>жануарларының бірі – мысық туралы түсінік беру.</p> <p>Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: ептілікке, тез жүгіруге үйрету.</p> | <p>Жұмбақ жасыру. Топырақтан нәр алып, Тамырлары таралып. Өсіп шықты еккенім Көріктенді мекенім (Қайың ағашы)</p> <p>Еңбек: Ойын алаңын сыпыру. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу, достарының еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Дербес ойын: «Құммен ойын» Мақсаты: бір – бірімен келісіп, тату ойнауға баулу.</p> | <p>ерекшелігін сипаттау, гүлдерге қамқор болуға үйрету. Қимылды ойын: «Мергендер» Мақсаты: жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету, ептілікке үйрету.</p> <p>Дербес ойын: Доппен ойнау. Мақсаты: ұйымшылдыққа, сыйластыққа баулу.</p> | <p>қасиетін анықтап, сипаттай білулерін жетілдіру. Қимылды ойын: «Ескерткіш» Мақсаты: жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету, ептілікке баулу.</p> <p>Еңбек: Сулы құмнан бейнелер жасау. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу, өз еңбектерін бағалай білу.</p> <p>Дербес ойындар: Ойын құралдарымен. Мақсаты: бір – бірімен, тату ойнауға баулу.</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>Отбасы суретін көрсету. Суретте не бейнеленген? -Суреттегі отбасы мүшелерін атуын? - Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату,</p> | <p>Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету.</p> | <p>Анаммен бірге доп ойнаймыз ойыны Доптың ішіне ермексазды орналастыр (мүсіндеу, жапсыру)</p> <p>Желілі-рөлді ойын: «Қызы мен анасы» Аналары балаларына қалай қамқорлық көрсететінін естеріне түсіру арқылы балаларды рөлдерге бөліп ойнауға шақырады. Тәрбиешінің көмегімен</p> | <p>Анама арналған оюлар Оң жақта тұрған оюларды қызыл түске Сол жақта тұрған оюларды көк түске Ортасында тұрған оюларды сары түске боя. (сурет салу)</p> <p>«Жылы сөз айту» ойыны. Тәрбиеші: -Ойыншық көжекті көрсетеді. Көжек балалардан анасы жұмыстан келгенде,оны</p> |

| | | | | | |
|-------------------------------|---|---|--|---|---|
| | «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. (көркем әдебиет) | Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. (құрастыру) | (мүсіндеу) Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды менгерту. (құрастыру) | балалар қуыршаққа жылы сөз айтып, ойнайды. Мыс: «Ботқа қандай дәмді, жейіңіз, қызым, сен менің сүйікті, ең әдемі қызымсың, жүр, киініп серуендеп келейік...» -Балалар, онда өзіміз үйренген «Ақ мамам» әнін бәріміз бірге айтып үйренейік. | қалай қарсы алу керектігін үйретуді сұрайды. Балалар қуыршақтарына айтқан сөздерін естеріне түсіреді, көжекке көмектеседі. (сөйлеуді дамыту) |
| Балалармен жеке жұмыс | Еркенұрға жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуды үйрету. | Райяңға допты екі қолымен жоғарыға лақтыруды үйрету. | Ернарға ән сөздерін дұрыс және анық айтуды үйрету. | Аягөзге жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуды үйрету. | Ернарға допты екі қолымен жоғарыға лақтыруды үйрету. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Отбасындағы өзіндік ережелер» | Психологтің кеңесі: мысалы: «балалардың өзара қарым-қатынасы» | Балалардың бүгінгі жетістігі (әңгімелесу). | Кеңес: Әр баланың ынтасы туралы айту | «Отбасым – бақыт мекенім» тақырыбына әңгімелесу. |